

XFTAP 16.31.41

А. Бескемер

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: akerke_asa@mail.ru)

Көркем мәтінді аудару және түсіну: барабарлықтың өлшемшарты

Аңдатпа. Аударматанудың жеке дара ғылым ретінде қазіргі даму сатысында көркем мәтіндерді аудару, сәйкестік аударма мен баламалық аударма арқылы аударма оқушыға прагматикалық әсер ету деңгейі туралы нақты қалыптасқан негіз жоқ. Осы орайда мақалада автор көркем мәтіндерді аудару керек пе немесе мәтінге тек түсіндірме жасау ғана болады деген жалпы тіл білімі үшін де, аударматану ғылымы үшін де маңызды дилеммалық сұраққа жауап беруге тырысып, осы екі түсініктің аражігін ажыратып, түсіндіріп беруге талпыныс жасаған. Себебі соңғы жылдардағы еңбектерде, ғылыми мақалаларда зерттеушілер тарапынан “Аударма немесе түсіндірме” мәселесі жаңа қырынан жиі қарастырылып, көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудыруда. Сонымен қатар, тілдік және жеке интерференция, оң және теріс интерференция құбылыстарын тоқталып және көркем аударма барысындағы барабарлық өлшемшарттары анықталып, жеке-жеке сараланды.

Түйін сөздер: көркем аударма мәселелері, барабарлық, аударма өлшемшарттары, көркем мәтін, аудару модельдері

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-124-3-81-87>

Кіріспе. Соңғы кездері «Аударма және түсіндірме» мәселесі қазіргі заманауи аударматанудың түрлі аспектілерінде жиі назарға ілігуде, оған арналған жұмыстардың саны да үздіксіз өсіп келеді. Аударма мен түсіндірмені байланыстырып зерделеуге деген қызығушылық – аударма мәтіні аударма үдерісінің нәтижесі бола отырып, сонымен бірге екінші мәтіннің меншікті түсіндіруіне қатысты «өгей» жанамаланған қандай да бір түсіндіру үдерісінің ізі болуына да байланысты. Оның белгілі бір ескертпелермен «көзге көрінбейтін» түсіндірмені зерттеу үшін бірегей өріс болып қызмет ететіні де сондықтан болар. Егер мәтінді талдау өлшемшарттарындағы жанасу нүктелерін тапса, түсіндірудің объективтілігін қамтамасыз етуге бағытталған түсіндірмені зерделеу, әсіресе мәтінді талдау әдістемесін құру – өз тарапынан аударматану үшін әлдебір құндылық беруі мүмкін. Алдымызға бұрын айтылған көзқарастарға шолу жасау және проблемалардың барлық аспектілерін жан-жақты қарау міндетін қоймай, тек аударма және түсіндірме ұғымдары мен үдерістерінің жалпы арақатынасы туралы, сондай-ақ, біздің ойымызша, аудару және түсіндірме құбылыстарын зерделеу кезінде интегралдаушы рөлді ойнауға қабілетті болып көрінетін стилистикалық тұрғының маңызы туралы кейбір пікірлерді білдіреміз. Қорытындысында көркем мәтінді аударудағы барабарлықтың қосымша өлшемшарттары ұсынылады.

Зерттелу тарихы. «Аударма түсіндірме ретінде» және «түсіндірме аударма ретінде» деген әйгілі тұжырымдамаларда аударма мен түсіндірменің арақатынасына деген бір-біріне қарама-қарсы екі көзқарас туындайды. Тіпті осы тұжырымдамалар бізге екі түрлі модель береді деп те айтуға болады. Бірінші модель аударма мәтіні түрінде ауысу нәтижелері бекітілген тілдердегі және бір тілдің екінші тілге ауысу ерекшелігіндегі айырмашылық факторын толық бағаламайды, соған сәйкес аударманы жалпы түсіндірмеге теңестіреді. Ал екінші модель жеке зияткерлік кодтардың айырмашылық факторларын асыра бағалайды және осыған байланысты, түсіндірмені аудармамен теңестіреді. Бірінші модельде түсіндірме деген ұғымның өзі «нұсқа» деген сөзбен немесе «нұсқасын құру» деген ұғыммен синоним болып, метаформаға айналатынын, терминсіздендірілетінін және сөздік белгілер түсіндірмесі ерекшелігінің жойылатынын байқаймыз. Екінші модельде «түрлендіру», «қайта кодтау» деген анағұрлым жалпы ұғымдарға синоним болатын «аударма» деген ұғым да

осыған ұқсас күй кешеді. Егер бірінші модель тіларалық аударма – түсіндірменің тек жеке-леген жәйттері болып табылады және семиотикааралық аудармадан немесе трансмутациядан ешқандай айырмашылығы болмайтын проблеманы талқылауды түсіндірменің жалпы теориясының координаталарына немесе тіпті жалпы семиотикалық координаттарға орналастырса (Р.О. Якобсонның терминдері [3. 362]), ал екінші модель өз мәні бойынша психоллингвистикалық болып табылады, тіларалық аударманы жеке жағдай деңгейіне көтереді, осылайша тіларалық аударманы тіл ішіндегі аудармаға (қайта атау) ғана емес, сондай-ақ қабылдаудың және ауызша ақпаратты өңдеудің кез келген үдерісіне теңестіреді.

Аударма мен түсіндірмені қандай бағытта болса да – аударма түсіндірмеге ұқсас, түсіндірме аудармаға ұқсас деген сияқты ұқсас теңестіруге деген ұмтылыс – проблеманы лингвистикалық, аудармалық ретте қарау шегінен шығаратыны анық. Осы екі модельдің бағыттарының айырмашылығына қарамастан біреуін екіншісіне қосу арқылы аударма мен түсіндірме арақатынасының мәселесін шешу ұмтылысы екеуіне де ортақ. Сондықтан лингвистика мен аударматану негізінде қала отырып, осы ғылымдардың координаталарындағы аударма мен түсіндірменің нақты арақатынасын зерттеу және белгілеу үшін аударманы да (тіларалық аударма), түсіндірмені де (мәтін түрінде берілетін ауызша белгілерді түсіндіру) әлеуетті байланыс нүктелері мен корреляцияны жоғалтпаған толыққанды зерттеу объектісі ретінде қарау қажет.

Зерттеу нысаны. Алдымен осы зерттеу барысындағы түсіндірмемен байланысты кейбір маңызды жәйттерді атап өтейік. Жалпы «түсіндірме тек түсіну үдерісіне ғана тең емес, бізді қызықтыратын мағынада ғана емес - бұл мәтіннің негізделген түрде (меншікті лингвистикалық, прагматикалық және когнитивті аспектіде) ауызша түсінікті болуы» [4.11] деген тұжырым және мәтіннің «мазмұнын бар жағынан қамтып ашуға» бағытталған аналитикалық қызмет ретіндегі түсіндірме туралы ережесі шындыққа жанасады, бұл ретте мазмұнын ашу – «сыртқы әлем туралы мазмұнды ақпаратты алу ғана емес, сондай-ақ оны кодқа қою тетігін айқындауды және пайдаланылатын ақпаратты кодтан алу тәсілдері мен әдістерінің заңдылығы мен өнімділігін негіздеу дегенді» білдіреді. Алайда, түсіндірменің мәнін айқындай отырып, тұтастық деңгейіндегі мәтінді қамтуға сәйкес келетін және модель болып табылатын тұтас динамикалық нәтиже беретін ментальдік құрылым ретіндегі мағыналық ұғымды, яғни мәтіннің кішірейтілген нұсқасынан айналып өтуге болмайды ойлаймыз [5].

Осындай ментальдік құрылым көптеген түсіндірушілерде сәйкес келетін элементтерді, сондай-ақ сол немесе өзге түсіндірушіге/ түсіндірушілер типіне (периферияға) ерекше тән элементтерді қамтуы тиіс. Мәннің осы маңызды сипаттамасы, біздің ойымызша, бір жағынан автордың интенционалдығы, «авторлық пікірдің беделділігі» және екінші жағынан түсіндірушінің интенционалдығы (көп жағдайда жете бағаланбайтын), «түсіндірушінің беделділігі» арасындағы қажетті тепе-теңдікті орнатады. Интерференция факторын ескермей, мәндік обертондарды шығармай, мәтінде берілген шекте мәнді шығармашылық түрде қарастырмай мәнді зерттеу мүмкін емес. Осындай түрде түсінілетін мәннің бар-жоғын қабылдамау немесе мәнді тек «автордың мәтінге салған» ұғымы деп айқындау – түсіндірушіні түсіндірменің субъектісі ретіндегі рөлінен айырып, оның рөлін шектен шыққан кодтан алушы құрылғыға, тілдік құзыретті тасымалдаушының функциясына жақындатуды білдірер еді. Осы әрекет арқылы тілдің өзі өзгертуші құрылғы ретінде болатын «мән←→мәтін» лингвистикалық моделіне жақындап келеміз. Осылайша, мәтіннің бағдарламасына және белгілі бір дәрежеде түсіндірушінің бағдарламасына сәйкес мәнді алуға/құруға бағытталған мәтінді желілік және желі үстінде өңдеу жұмысын түсіндірме деп ұғамыз.

Аударма мен көркем мәтін бірізділігі. Көркем мәтінді және оның түсіндірмесін жасау – түрлі субъектілері, бірақ ортақ объектісі бар үдерістер. Осы үдерістердің түрлі бағыттары бар («объектіге» және тиісінше «объекіден»), бірақ мәтін-объектіде кездеседі, бұл түсіндірменің объективтілігінің онтологиялық алғышарттарын жасайды. Объективті және

барабар түсіндірменің қағидатты мүмкіндігінің басқа маңызды факторы – мәтіннің материалдық құрылым ретінде желілігінің болуы. Осы желілік құрылымда автордың ойы шынайы көрініске ие болады; бастапқы жоспар қандай болса да, мәтінді құру кезінде автордың санасында көріністер мен мәндер көлемді түрде жиналса да, түсіндіруші/оқырман үшін жалғыз бастапқы ақиқат алғаш рет оқыған кездегі желілік мәтін болып табылады. Алайда түсіндірушінің санасында қабылдаудың желілігімен бірге мәтінді желі үстінде қабылдаудың болатынын елемеге болмайды. Атап айтқанда, желілік пен желі үстінде қабылдаудың бәсекелестігі мәтінді қабылдау кезінде айқын көріністі тудырады, ол түсіндіруші үшін мәнді қалыптастырудың қажетті алғышарты ретінде қызмет етеді.

Көркем мәтіннің түрлі белгілерінің өзара қатынасындағы күрделі мәселені жария етуге, баяндаудың қысқалығына байланысты мүмкіндік болмағандықтан, мәнді қалыптастыру аспектісінде көркем мәтіннің ерекшелігі - оның жасаушысында және оның түсіндірушісінде «қарапайым айқындыққа», мәннің бір өлшемдігіне бағдарланудың принципті түрде болмауына негізделеді. Көркем мәтіннің антиподы осындай бағдарға ие мәтін болады. Мәтіннің желілік материалдық ортасында мәннің көп өлшемдігін, мәндік көлемді іске асыру құралы, сөзсіз, мәтіннің стилистикалық маркаланған элементтері болып табылады. Осыған байланысты, «кодсыздау» термині мен одан кейін тұрған метафора түсіндірме үрдісіне қатысты осы кезеңде біршама ескірген және құрылымы шектеулі болып көрінеді.

Мәтінді жасаудағы және түсіндірудегі стилистикалық және «шешендік» стратегиялардың рөлі зорекендігі күмән тудырмайды [8. 170-171]. Дәл осы стратегиялардың көмегімен автор «мәтіннің стратегиясында» өте маңызды рөл атқаратын «мәндік скважиналарды» (Н.И. Жинкиннің термині) немесе «белгісіздік аумақтарын» жасайды. Олардың рөлін түсіндірушінің тарапындағы стилистикалық стратегиялардың кілттері немесе құралдары ғана сәйкес келетін ерекше құлыптық скважиналармен салыстыруға болады. Көпөлшемдік әсерін, өнімді белгісіздікті жасау кезінде ұқсас бейнелік компоненттердің рөлі аса зор, олардың мәнді қалыптастыру және талдау әдістемелерінің стилистикалық тұжырымдамасын баяндау шеңберінде, біз көрсеткендей, мәтінді тұтастық көрінісі ретінде қабылдау деңгейінде желі үстіндегі құрылымды құруға мүмкіндігі бар және мәндік көлемді жасау кезінде негізгі рөлді атқаруы мүмкін. ҰБК-нің осындай құрылымын жасау кезінде түсіндірушінің санасы біршама қиындықтарды сезінуі мүмкін, бірақ желі үстіндегі ілгерілеудің осы құрылымы барабар түсіндірме үшін зор құндылыққа ие болады. Фактуальді құрамдас бөлігімен (бұл ретте өзара іс-қимылдың сипаты немесе модусы ҰБК-нің, сондай-ақ фактуальді құрамдас бөліктің қасиеттеріне байланысты) өзара іс-қимыл жасай отырып, ҰБК құрылымы көркем мәтіннің политропоморфизмінің өлшемін, байланыстылық аспектісіндегі метонимоморфизмнен тұтастық аспектісіндегі метафороморфизмге ұмтылысының күшін көрсетеді [5].

Сондықтан, «мәндік скважиналар» және «белгісіздік аумақтары» талқылауға көркемдік стильдің филологиялық тұрғыда түсінілетін элементтері яғни идеялық-көркемдік мазмұн, осы мазмұнның сол немесе өзге де сәттеріне назар аудару, көркемдік образдарды іске асыру аспектілері және басқалары тартылатын кезде филология деңгейінде; сондай-ақ мәтінде көп немесе аз семантикалық айқындылық аймақтарын бөлуге назар аударылған кезде лингвистикалық семантика деңгейінде зерттелуі мүмкін. Алайда біздің пайымдауларымыз – лингвистикалық стилистика немесе кем дегенде көркемдіктің тілдік механикасына бағдарланған стилистика арнасында.

Енді аудармаға тоқталсақ: Аударманың мақсаты – талдауға ұшыраған бастапқы мәтінді, бастапқыны басқа тіл әлеміне және мәдени ортаға алмастыратын қайталама мәтін жасау [8.75]. Зерттеулердің көбі аудармада бастапқы және қайталама коммуникативтік жағдайлардың болуына байланысты аударма үдерісінің екіфазалы сипатын атап өтеді. Егер мәтінді ана тілінде және шет тілінде қабылдау арасындағы психологиялық және процессуальдық айырмашылықтарды елемеген болса, онда аудармашы мәтінді қабылдайтын

және талдайтын бастапқы коммуникант ретінде түсіндіруші рөлін атқаруы мүмкін деп айтуға болады. Мұндай жағдайда түсіндірмеге қатысты жоғарыда айтылғанның бәрі, оның объективтілігі және интенционалдығы, мағынаның ядролық құрылысы, сондай-ақ тұтастық деңгейде көпмөлшерлі, көпжоспарлы әсерліліктің мүмкіндіктерін ескере отырып, ҰБК-тіге талдау жасау және ҰБК-нің өзара іс-қимыл жасасу сипаты әрі фактуальдық құрамы негізінде аудармашының көркем мәтінін түсіндіру жағдайына (демек, бастапқы коммуникативтік жағдайға) толық сәйкес келеді. Қайталама коммуникативтік жағдайға назар аударатын отырып, аударманы оқып отырған түсіндіруші рөл атқарып отырғанда және ол үшін деректер дайын аударманың мәтіні болып табылғанда, ұқсас негізде түсіндірме параметрлері және ҰБК-ға тірек болатын мағына жасау мүмкіндіктері туралы барлық айтылғандар қайталама коммуникативтік жағдайларға жатады деп айтуға болатыны анық.

Түсіндірме/мағына жасаудың көрсетілген жалпы параметрлерінің бастапқы және қайталама коммуникативтік жағдайларға жатқызылуы түпнұсқалық және аударма мәтінінің нақты, шынайы мағыналық сипаттамасына тең туындайтыны анық екенін бірден байқауға болады. Аударма үдеріс ретінде аудармашы-түсіндіруші жасаған мағынамен байланысты, алайда аударма осы мағына үшін мәтінге «кері» ұласады, – бірақ бұл өзге, екінші, қайталама мәтін. Егер мәтін аудармашының түсіндірмесінде нақты қателер бар болса – артық субъективизм, мағынаның негізгі аймағына кеми отырып, оның шеткері аймағын кеңейтуді түсіндіру кезінде материалдық түрде тіркелмеген болса, онда аударма мәтінде олар толық материалдық іске асырыла алады. Түсіндіруші-оқып отырған үшін аударма мәтіні дегенімен бұл мәтін жалғыз дерек болып табылады (оқырманның толық немесе ішінара екі тілде сөйлеу жағдайы бұл жерде қаралмайды) және ол әдеттегідей, анық логикалық және семантикалық қиыспауларды қоспағанда, аударма кезінде болатын мағыналық ілгерлеу туралы пікір айта алмайды. Жаңа ғана айтылғандардан түсіндіру сипатын зерттеу үшін аударма мәтініндегі құндылықты жалпы шектеуден туындайтыны көрініп тұр.

Тұжырымдамалардың дискуссиялығына байланысты өзімізге есеп бере отырып, мағыналық ілгерлеу туралы кейбір пікірлер ұсынуға тәуекел етейік. Мағыналық ілгерлеудің немесе мағынаның инференттіліктің сол немесе өзге дәрежесі кез келген түсіндіруде кездесетіні анық, сондай-ақ аударма кезінде орын алуы мүмкін. Осындай көзқарастың дәлелі ретінде автоаударма мәтіні болуы мүмкін, демек автордың жеке мәтіндерінің аудармасы мысалы, В.В. Набоковтың жұмысы, сондай-ақ кері аударманың түпнұсқасымен салыстыру және әртүрлі аудармашылар жасаған бір туындының аудармаларын салыстыру.

Әдістемелік тұрғыда интерференция мен «заңды» семантикалық аударма өзгертулерді шектеу проблемасы әзірше шешілген жоқ, егер де интерференцияның өзіндік ерекшелігі болатындығынан шықсақ (оны интерференция мен импликацияның шекелуіне негіздеуге болады), онда ішкі категориялық жағынан аударма кезіндегі жеке интерференция (аудармашының қасиеттерінен шығатын және көбінесе субъективті) және аударма кезіндегі тілдік интерференция (АТ қасиеттерінен шығатын және біршама объективті) туралы айтуға болады, алайда тәжірибе жүзінде олардың арасындағы шекті анықтау оңай емес. Сондай-ақ интерференция рангінің маңызы зор болуы ықтимал, яғни аударма кезінде мәтінге имплициттіге қарағанда яғни сөйлем деңгейі, стилистикалық таңбаланған элемент деңгейі, конвергентті кешенінің деңгейі, стилистикалық таңбаланған элементтердің ұсынылған құрылымының деңгейі айқын емес инферентті ақпарат беріледі. Енді осы зерттеу үшін перспективті санат туралы айта отырып, интерференцияның сапалық сипатына оның ішінде аудармаға деген қасиеттеріне, оның оң және теріс жақтарына тоқтамай кету мүмкін емес. Түпнұсқаның объективтелген мәтіні оны жазған ойшылдың ойына «қарсы келетіндей», аударманың объективтелген мәтіні түсіндіретін аудармашының түпнұсқадан алған ойына «қарсы мағынада» болуы мүмкін; түпнұсқаның мәтіні мен аударманың мәтіні бір жақты, ал оның ойы мен мәні көлемді. Аударманың мәтіні егер ол сапалы орындалған аударма болса, онда оның

түсіндіру кезіндегі ментальді мағыналыққа қарағанда волонтаристік, еркіндік потенциалы аз болады. Мұндай құрылым вербалданған болса да, идеалды түрде түпнұсқаға барынша жақын болатын, аударма мәтініне эксплицитті қайталама көркем және стилистикалық түрі жүктейтін жауапкершілік болмайды. Аудармаға тән интерференцияның интерпретациядан айырмашылығы болатын маңызды қасиеті интерференция құбылысының басым субъективті табиғатына қарамастан оның айқындығын, объективтілігін санауға болады. Түпнұсқа мәтінінің ұзақтығына қатысты мағынасының жинақталуы аударма мен түпнұсқа мәтіні өлшемдеріне шамамен тең антитезада болады. Дәлме-дәл аудару ауқымды немесе қажет емес интерференцияға қарсы құрал болмайды, өйткені түпнұсқаның әрбір әрпін дәл жеткізу көпжоспарлы, образды мәндік әсерді беру дәлдігіне кепілдік бермейді. Тілдердің интерференциясы салдарынан туындайтын және аударма заңдарына қатысты аударма мәтінінің қателіктеріне әкеп соғатын дәлме-дәл аударма автоматты теріс интерференцияның өзіндік нысаны ретінде қаралады.

Көпжоспарлы мәндік әсерлерді беру дәлдігі тәжірибе көрсеткендей, жоғары эквиваленттілікке жету мақсатында төменгі деңгейлердегі эквиваленттілік «құрбандарын» ескеретін дәлме-дәл емес аударма шешімдерімен ғана қол жеткізіледі; мұндай шешімдерді автоматты емес оң интерференция нысаны ретінде қарауға болады. Әртүрлі зерттеушілер аударма теориясы үшін маңызды барабар ұғымын әртүрлі тұжырымдай отырып, барабарлықтың әртүрлі критерийлері туралы айтады. Барабарлық – аударманың мақсаты бірізді ескерілген бастапқы және түпкілікті мәтіндердің ара қатынасы, бірақ аударманы процесс ретінде бағдарланған және барабарлық талабы эквиваленттіліктен айырмашылығы көп емес, оңтайлы сипатта болатындықтан, онда алдыңғы баяндаумен байланысты жоғарыда жазылған стилистикалық тәсілдің шеңберінде туындайтын және аударма мен түсіндірме процестерін байланыстыратын барабарлықтың маңызды біріктіретін критерийін ұсынуға болады. Бұл аударма жасау кезінде тұтас мәтін деңгейінде мазмұндық көпжоспарлық әсерін, көлемді тұтастық деңгейінде мәтін туралы басқа түсінік деңгейінде мәтін туралы түсінікті ұқсату есебінен туындайтын әсер түрінде беру критерийі.

Басқаша айтқанда, бұл мағынасының образды-ассоциациялық құраушыларын барынша сақтау критерийі, АТ құралдарымен бастапқы көркем мәтіннің құрылымын сәтті беру критерийі. Олардың сызықты беру құрылымы түпнұсқа мен аударманы түсіндіру және салыстыру кезінде талдауға жататын тірек элементтері болып табылады. Бұл ретте, аударма мәтініндегі ОБК-ның «табыстылығына», айқындық дәрежесіне, ОБК құрылымының фактуалды құраушымен өзара іс-қимылы сипатына және ОБК құрылымы ішіндегі образды-ассоциациялық элементтердің балансына көңіл аудару қажет. Осы құрылымды беру деңгейінде өтемдік стратегиясы, автоматты емес оң интерференция ерекше мәнге ие болатындығын түсіну қажет.

Қорытынды. Қорытындысында бұл тұжырымның сипаты мәндік құрылымның ядролық бөлігіне, сондай-ақ перифериялық бөлігіне де қатысты деп болжауға болады, бұл ретте тұтас мағыналығына қатысты бұл неғұрлым оңтайлы болса бастапқы және қайталама түсіндіру мәнінің ядролық аймағы арасында өзара байланыстың және немесе тіпті сәйкестіктің көп деңгейі байқалатын болады.

Мәселені осылай қою лингвистика және аударматану үшін пайдалы және тиімді. Көптеген практикалық тәжірибелер нәтижесінде ҰБК-ға сүйену стильдік және мәні жағынан күрделі көркем мәтіндерді аударған кезде едәуір теңестірілгенін және саналы шешім қабылдауға мүмкіндік беретінін көруге болады. Біз сипатталған әдістеме бойынша қысқаша шолу жанрында көркем мәтінді талдаудың тәжірибесін ұсындық және ҰБК құрылымы бөлінді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Якобсон, Р.О. О лингвистических аспектах перевода. // Избранные работы. / Р.О. Якобсон - Москва: Прогресс, 1985. – 456 с.
- 2 Наер, В.Л. Понимание и интерпретация (к основам интерпретации текста как аналитической деятельности). // Сборник научных трудов МГЛУ. Выпуск 459. Проблемы современной стилистики. / В.Л. Наер – Москва: Наука, 2001. – 313 с.
- 3 Псурцев, Д.В. Смыслоформирующий аспект образно-ассоциативных компонентов художественного текста. / Д.В. Псурцев – Москва: Прогресс, 2001. – 187 с.
- 4 Власенко, Н.И. К вопросу о необходимости учета прагматических компонентов при переводе. // III Международная научная конференция по переводоведению «Федоровские чтения». 26-28 ноября, 2001г. Тезисы докладов. – Санкт-Петербург: Фил. фак. СПбГУ, 2001. – 115 с.
- 5 Швейцер, А.Д. Теория перевода: Статус, проблемы, аспекты. / А.Д. Швейцер – Москва: Наука, 1988. – 215 с.
- 6 Псурцев, Д.В. Смыслоформирующий аспект образно-ассоциативных компонентов художественного текста (на материале англоязычной художественной литературы) // Сборник научных трудов МГЛУ. Выпуск 459. Проблемы современной стилистики. / Д.В. Псурцев - Москва: 2001. – 165 с.

А. Бескемер

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Перевод и интерпретация художественного текста: критерии эквивалентности

Аннотация. На современном этапе развития переводоведения проблемы перевода художественных текстов требуют особого внимания и до сих пор нет четкого основания для выявления прагматического воздействия на читателя при эквивалентном переводе. В данной статье автор определяет такие понятия как перевод и интерпретация при художественном переводе и старается ответить на дилеммный вопрос для переводоведения: возможен ли перевод художественного текста или нужно ли его только интерпритировать. В трудах и научных статьях последних лет проблема «перевода и интерпретации» начала изучаться с других ракурсов, что вызывает интерес многих ученых-переводоведов. Также в статье даны определения таким понятиям, как языковая и частная интерференция, положительная и отрицательная интерференция, были определены и проанализированы критерии эквивалентности при художественном переводе.

Ключевые слова: проблемы художественного перевода, эквивалентность, критерии перевода, переводческие модели

A. Beskemer

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Translation and Interpretation of Literary Text: Equivalence Criteria

Abstract. At the current stage of the development of translation studies as an independent field of study, the problems of literary texts translation require special attention and there is still no clear basis for identifying the pragmatic impact of equivalent translation on the reader. In this article, the author defines such concepts as translation and interpretation in literary translation and tries to answer a dilemma of whether it is possible to translate a literary text or whether it is necessary to interpret it. The works and scientific articles of the recent years have studied the

problem of “translation and interpretation” from different angles, thereby attracting the interest of many researchers and translators. Such concepts as linguistic and private interference, positive and negative interference, equivalence criteria for literary translation have been determined and analyzed in the article.

Keywords: literary translation, problems of literary translation, equivalence, translation criteria, literary text, translation models

References

- 1 Jakobson R.O. O lingvisticheskikh aspektah perevoda. [About linguistic aspects of translation] // Izbrannye raboty. (Progress, Moscow, 1985. – 456 p.). [in Russian]
- 2 Naer V.L. Ponimanie i interpretacija (k osnovam interpretacii teksta kak analiticheskoy dejatel’nosti). [Understanding and interpretation – basis of text interpretation as an analytical activity]: Sbornik nauchnyh trudov MGLU. Vyp. 459. Problemy sovremennoj stilistiki. (Nauka, Moscow, 2001. – 313 p.). [in Russian]
- 3 Psurcev D.V. Smysloformirujushhij aspekt obrazno-associativnyh komponentov hudozhestvennogo teksta [The sense-forming aspect of the image-associative components of the literary text PhD thesis]. (Progress, Moscow, 2001. – 187 p.). [in Russian]
- 4 Vlasenko N.I. K voprosu o neobhodimosti ucheta pragmaticheskikh komponentov pri perevode. // III Mezhdunarodnaja nauchnaja konferencija po perevodovedeniju «Fedorovskie chtenija» 26-28 oktjabrja 2001. Tezisy dokladov. – SPb.: Filologicheskij fakul’tet SPbGU, 2001. – 115 p.).
- 5 Shvejcer A.D. Teorija perevoda: Status, problemy, aspekty [Theory of Translation: Status, problems, aspects]. (Nauka, Moscow, 1988. – 215 p.). [in Russian]
- 6 Psurcev D.V. Smysloformirujushhij aspekt obrazno-associativnyh komponentov hudozhestvennogo teksta (na materiale anglojazychnoj hudozhestvennoj literatury) [The sense-forming aspect of the image-associative components of the literary text]: Sbornik nauchnyh trudov MGLU. Vyp. 459. Problemy sovremennoj stilistiki [Collection of scientific papers. Issue 459. Problems of modern stylistics] (Moscow, 2001. – 165 p.). [in Russian]

Сведения об авторе

Бескемер А – Аударма ісі мамандығының III курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Beskemer A – Phd student “Translation Studies”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, K.Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.